

## Жер қатынастары жөніндегі Айыртау аудандық комиссиясы бойынша Ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 22 қазандағы N 202 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 14 қарашада N 1056 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 6 ақпандағы N 33 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2006.02.06 N 33 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442-II Жер Кодексінің 43-бабына, Қазақстан Республикасының «2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" N 148-II Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес және ауданда жер қатынастарын реттеу мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Айыртау аудандық жер қатынастары жөніндегі комиссия туралы Ереже бекітілсін.

### *Аудан әкімі*

А у д а н			ә к і м д і г і н і ң
" Ж е р	қ а т ы н а с т а р ы		ж ө н і н д е г і
А й ы р т а у	а у д а н д ы қ		к о м и с с и я с ы
б о й ы н ш а	Е р е ж е н і	б е к і т у	т у р а л ы "
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	2 2	қ а з а н д а ғ ы
N 202 қаулысымен бекітілді			

## Жер қатынастары жөніндегі Айыртау аудандық комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Жер қатынастары жөніндегі Айыртау аудандық комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) ауданда ауыл шаруашылық өндірушілер арасында жерлерді бөлу және жер мәселелерін реттеу мақсаттарында құрылған, тұрақты қызмет ететін о р г а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Комиссия жергілікті басқару органының тұсында - әкімдікте құрылады. Мәслихаттың кезекті сессиясының отырысында бекіту үшін комиссияның дербес құрамын аудан әкімі ұсынады.

3. Комиссия құрамы төрағадан, төрағаның орынбасарынан, комиссияның 5-10 мүшесі аудандық мәслихат депутаттары арасынан, жер ресурстарын басқару жөніндегі аудандық комитеттің өкілдерінен, аудан архитекторынан және аудан әкімі аппаратында штаттық лауазымды қызмет атқаратын комиссияның жауапты хатшысынан құрылады. Аудан әкімінің қарауы бойынша комиссияның құрамына басқа да адамдар енгізілуі мүмкін.

4. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442-ІІ Жер Кодексі, жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және осы Ереже негізінде жүзеге асырады.

5. Комиссия өз қызметінде жергілікті атқарушы орган - әкімдік алдында жауапты.

6. Комиссия қызметі: заңдылық;

өз әрекеттері және қабылданып жатқан шешімдеріне жауапкершілік тарту принциптеріне негізделеді.

## **2. Комиссияның негізгі функциялары**

7. Өз құзыреті шегінде жер учаскелерін жер пайдалану немесе меншікке беру мәселесі жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау Комиссияның негізгі функциясы болып табылады.

## **3. Комиссиямен материалдарды қарау тәртібі**

8. Комиссия жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдылығымен жер учаскелерін беру мәселесі жөніндегі жеке және заңды тұлғалардың арыздарын қарайды.

Өтініште көрсетілуге тиіс: жер учаскесін пайдаланудың мақсаты, оның болжамды көлемі, орналасқан жері, сұралатын пайдалану құқығы, басқа жер учаскесінің болуы (болмауы). Пайдалы қазбалар өндірілетін жағдайда өтінішке жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттың көшірмесі қоса тіркеледі.

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтініш түскен кезінен бастап үш айға дейінгі мерзімде қаралады.

9. Комиссия отырыстарын дайындау:

Комиссия қарауына түскен материалдардың уақытылы және дұрыс қаралуын қамтамасыз ету мақсаттарында оларды комиссияның төрағасы немесе оның

тапсырмасы бойынша комиссия төрағасының орынбасары алдын-ала зерттейді.

Комиссияның қарауына келіп түскен материалдарды алдын ала зерттеу процесінде:

сұралып отырған жер учаскесін аумақтық аймаққа бөлуге сәйкес өтініште аталған нысаналы мақсат бойынша пайдалану мүмкіндігі;

осы материалдарды»қарау комиссия құзыретіне жататындығы;

Комиссия отырысына шақыртып алуға немесе шақыруға жататын адамдар шеңбері анықталады.

Материалдарды алдын ала зерттеу нәтижелері бойынша Комиссия: материалдарды қарауға тағайындау және өтініш берушіні немесе оның заңды өкілдерін және отырысқа қатысуы міндетті деп танылған басқа да тұлғаларды Комиссия отырысының күні мен орны туралы хабардар ете алады;

Комиссия отырысында қарауға жататын мәселелердің мәні бойынша өтінішті қарау;

өтінішті қанағаттандырудан бас тарту.

Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту жергілікті атқарушы орган - әкімдіктің - қаулысымен ресімделіп, өтініш берушіге шешім қабылданғаннан кейін жеті күн мерзімінде көшірмесі тапсырылады.

10. Комиссия отырыстарын өткізу тәртібі.

Комиссия отырыстары қажетіне қарай өткізіледі.

Егер комиссия мүшелерінің кемінде жалпы санының жартысы қатысса, Комиссия отырысы құқылы деп есептеледі. Комиссия отырысында оның төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша комиссияның орынбасары төрағалық жасайды.

11. Комиссия хаттамасы.

Өтініштердің қарау нәтижесі бойынша Комиссия отырысының хаттамасы ресімделеді.

Комиссия хаттамасы материалдарды қарау нәтижесі бойынша ресімделеді және отырысқа қатысушы Комиссия мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қорытынды шығарылады. Егер дауыстар тең бөлінген жағдайда комиссия отырысында төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Комиссия хаттамасында:

Комиссияның атауы және жеке құрамы;

Комиссия отырысының күні мен жері;

қаралып жатқан материалдарға қатысы бар тұлғаның немесе заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты;

өтініште көрсетілген өтініш;

Комиссия қорытындысын қабылдауға негіз болған деректер;

Комиссиямен қабылданған қорытынды көрсетіледі.

Хаттамаға төрағалық етуші және оның жауапты хатшысы қол қояды, комиссия отырысында жарияланады және шағымдануға белгіленген мерзім өткеннен кейін, заңды күшіне енеді.

Комиссия қорытындысы жер қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес шығарылады.

Комиссия отырысының хаттамасының үзіндісі өтініш берушіге тапсырылады.

#### 12. Комиссия хаттамасы бойынша шағым беру:

Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді алған күннен бастап он күн ішінде тұлғамен, оған қатысты қабылданған жағдайда және оның заңды өкілі, адвокаты қаралған материалдар жөнінде комиссиямен қабылданған қорытынды бойынша осы комиссияны құрған атқарушы орган - аудан әкіміне шағым бере алады.

Көрсетілген мерзімде шағым беру Комиссияның тиісті хаттамасының орындалуын тоқтатады.

Комиссияның қаулысы бойынша сотқа шағым беру мерзімі мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Прокурор Комиссия хаттамасына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарсылық білдіре алады.

Жер учаскелеріне тиісті құқықтар беру туралы жергілікті атқарушы органның шешімі - аудан әкімдігінің қаулысы - өтініш берушіге шешім қабылданған күннен бастап жеті күн мерзім ішінде жер учаскесіне меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын беру туралы қаулысының үзіндісі тапсырылып, жерге орналастыру жобасы негізінде қабылданады.

#### **4. Комиссияның қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

13. Комиссия қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету аудан әкімінің аппаратымен жүзеге асырылады.